

Лебяжі аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 1/31 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 13 қарашадағы № 96/18 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 желтоқсанда № 5733 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 шілдедегі № 212/43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы аудандық мәслихатының 19.07.2019 № 212/43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 10-тармағына сәйкес, Лебяжі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Лебяжі аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 1/31 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3781 тіркелген, 2014 жылғы 6 мамырдағы "Аққу үні", "Вести Акку" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесінде "Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1-бабының 10-тармағына" сөздері мен сандары алып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қ. Әлтаев

С. Мүсінова

Павлодар облысының әкімі
2017 жылғы 20 қараша

Б. Бақауов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК